		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Көркем әдебиет		2
	Қарым-қатынас әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2
	Қазақ тілі***	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3
	Қарым-қатынас әрекеті, танымдық іс-әрекеті	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3
	Қарым-қатынас әрекеті, зерттеу іс-әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2
	Қарым-қатынас әрекеті, зерттеу іс-әрекеті. еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
6	Сурет салу		1
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті	Күн сайын	
	Музыка		2
	Музыка****	Күн сайын	
8	Барлығы		20

«Балапан» ортаңғы тобының (3 жастан 4 жасқа дейінгі) 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

(1-3 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Дене шынықты -ру	9.00-9.20	Математика	9.00 - 9.20	Логика	9.00 - 9.20	Көркем әдебиет	9.00-9.20	Сөйлеуді дамыту	9.00 - 9.20
Құрастыру	9.25-9.45	Дене шынықты -ру	9.25 - 9.45	Музыка	9.25 - 9.45	Дене шынықты -ру	9.25-9.45	Жаратылы -стану	9.25 - 9.45
Музыка	9.50-10.10					Сурет салу	9.50-10.10		

(2-4 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Дене шынықты -ру	9.00-9.20	Математика	9.00 - 9.20	Логика	9.00 - 9.20	Аппликация2 Мүсіндеу 4	9.00-9.20	Сөйлеуді дамыту	9.00 - 9.20
Қоршаған ортамен таныстыру	9.25-9.45	Дене шынықты -ру	9.25 - 9.45	Музыка	9.25 - 9.45	Дене шынықты -ру	9.25-9.45	Жаратылы -стану	9.25 - 9.45
Қазақ тілі	9.50-10.10					Сурет салу	9.50-10.10		

«Балақай» ортаңғы тобының (3 жастан 4 жасқа дейінгі) 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

(1-3 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Дене шынықты -ру	9.00-9.20	Математ и-ка	9.00 - 9.20	Музыка	9.00 - 9.20	Көркем әдебиет	9.00-9.20	Сөйлеуді дамыту	9.00 - 9.20
Музыка	9.25-9.45	Дене шынықты -ру	9.25 - 9.45	Логика	9.25 - 9.45	Дене шынықты -ру	9.25-9.45	Жаратылы -стану	9.25 - 9.45
Құрастыру	9.50-10.10					Сурет салу	9.50-10.10		

(2-4 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Дене шынықты -ру	9.00-9.20	Математика	9.00 - 9.20	Музыка	9.00 - 9.20	Аппликация2 Мүсіндеу 4	9.00-9.20	Сөйлеуді дамыту	9.00 - 9.20
Қазақ тілі	9.25-9.45	Дене шынықты -ру	9.25 - 9.45	Логика	9.25 - 9.45	Дене шынықты -ру	9.25-9.45	Жаратылы -стану	9.25 - 9.45
Қоршаған ортамен таныстыру	9.50-10.10					Сурет салу	9.50-10.10		

«Балажан» ересек тобының(4 жастан 5 жасқа дейінгі) 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

(1-3 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Құрастыру	9.00-9.25	Музыка	9.00-9.25	Мүсіндеу	9.00-9.25	Дене шынықтырылу	9.00-9.25	Сөйлеуді дамыту	9.00-9.25
Дене шынықтырылу	9.30-9.55	Математика	9.30-9.55	Дене шынықтырылу	9.30-9.55	Көркем әдебиет	9.30-9.55	Жаратылыстану	9.30-9.55
Музыка	10.05-10.30		10.05-10.30	Логика	10.05-10.30	Сурет салу	10.05-10.30	Интеллектуал ойын	10.05-10.30

(2-4 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Қоршаған ортамен таныстыру	9.00-9.25	Музыка	9.00-9.25	Аппликация	9.00-9.25	Дене шынықтырылу	9.00-9.25	Сөйлеуді дамыту	9.00-9.25
Дене шынықтырылу	9.30-9.55	Математика	9.30-9.55	Дене шынықтырылу	9.30-9.55	Көркем әдебиет	9.30-9.55	Жаратылыстану	9.30-9.55
Орыс тілі	10.05-10.30		10.05-10.30	Логика	10.05-10.30	Сурет салу	10.05-10.30	Интеллектуал ойын	10.05-10.30

**«Балауса» мектепалды даярлық тобының(5 жастан 6 жасқа дейінгі)
2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің
кестесі**

(1-3 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Сауат ашу	9.00-9.30	Сөйлеуді дамыту	9.00-9.30	Сауат ашу	9.00-9.30	Орыс тілі	9.00-9.30	Көркем әдебиет	9.00-9.30
Қоршаған ортамен таныстыру	9.35-10.05	Аппликация	9.35-10.05	Мүсіндеу	9.35-10.05	Математика	9.35-10.05	Жаратылыс-тану	9.35-10.05
Сурет салу	10.10 - 10.40	Дене шынықтыру	10.10 - 10.40	Өзін-өзі тану	10.10 - 10.40	Музыка	10.10 - 10.40	Музыка	10.10 - 10.40
Дене шынықтыру	10-45 11-15	Интеллектуал ойын	10-45 11-15	Қауіпсіз мінез-құлық	10-45 11-15	Ертегілер елінде	10-45 11-15	Логика	10-45 11-15

(2-4 апта)

Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Сауат ашу	9.00-9.30	Сөйлеуді дамыту	9.00-9.30	Сауат ашу	9.00-9.30	Орыс тілі	9.00-9.30	Көркем әдебиет	9.00-9.30
Құрастыру	9.35-10.05	Аппликация	9.35-10.05	Мүсіндеу	9.35-10.05	Математика	9.35-10.05	Жаратылыс-тану	9.35-10.05
Сурет салу	10.10-10.40	Дене шынықтыру	10.10-10.40	Өзін-өзі тану	10.10-10.40	Музыка	10.10-10.40	Музыка	10.10-10.40
Дене шынықтыру	10-45 11-15	Интеллектуал ойын	10-45 11-15	Дене шынықтыру	10-45 11-15	Ерегілер елінде	10-45 11-15	Логика	10-45 11-15

**«Балапан» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	
Қазақ тілі – 1					Қазақ тілі(1)
Музыка – 1			Музыка(1)		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балақай» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	
Қазақ тілі – 1					Қазақ тілі (1)
Музыка – 1			Музыка(1)		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балажан» ересек тобының (4 жастағы балалар)
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)
Қазақ тілі – 1		Қазақ тілі (1)			
Музыка – 2		Музыка (1)		Музыка (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балауса» мектепалды даярлық тобының (5 жастағы балалар)
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Сөйлеуді дамыту -2		Сөйлеуді дамыту		Сөйлеуді дамыту	
Қазақ тілі – 2	Қазақ тілі		Қазақ тілі		
Көркем әдебиет - 2			Көркем әдебиет		Көркем әдебиет
Сауат ашу - 3	Сауат ашу	Сауат ашу			Сауат ашу
Математика - 3		Математика	Математика	Математика	
Қоршаған орта - 2	Қоршаған орта			Қоршаған орта	
Музыка – 2		Музыка		Музыка	
Сурет салу Мүсіндеу - 1 Жапсыру Құрастыру					Сурет салу (Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру)

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, сауат ашу негіздері,математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі

**«Айша» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	
Қазақ тілі – 1					Қазақ тілі(1)
Музыка – 1			Музыка(1)		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балдәурен» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	
Қазақ тілі – 1					Қазақ тілі(1)
Музыка – 1			Музыка(1)		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

«Балапан» ортаңғы тобының (3 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)	
Қазақ тілі – 1					Қазақ тілі(1)
Музыка – 1			Музыка(1)		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

«Балақай» ересек тобының (4 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)
Қазақ тілі – 1		Қазақ тілі (1)			
Музыка – 2		Музыка (1)		Музыка (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балажан» ересек тобының (4 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)		Дене шынықтыру(1)
Қазақ тілі – 1		Қазақ тілі (1)			
Музыка – 2		Музыка (1)		Музыка (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**«Балауса» мектепалды даярлық тобының (5 жастағы балалар)
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс–әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Сөйлеуді дамыту -2		Сөйлеуді дамыту		Сөйлеуді дамыту	
Қазақ тілі – 2	Қазақ тілі		Қазақ тілі		
Көркем әдебиет - 2			Көркем әдебиет		Көркем әдебиет
Сауат ашу - 3	Сауат ашу	Сауат ашу			Сауат ашу
Математика - 3		Математика	Математика	Математика	
Қоршаған орта - 2	Қоршаған орта			Қоршаған орта	
Музыка – 2		Музыка		Музыка	
Сурет салу Мүсіндеу - 1 Жапсыру Құрастыру					Сурет салу (Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру)

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, сауат ашу негіздері,математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі

Инновациялық технологиялар:

«Денсаулықты сақтау технологиясы»

«Монтессори»

«Ойын» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы

«ТРИЗ» технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технология

«Вольдорф» әдістемесі

«Зерттеу»

«Танграм»

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А. Зайцевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

Никитин кубиктері

Кюизенер таяқшалары

Глен Доман

«Әуенді кесте»

Бақылау және басшылық

Оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылды. Бақылаудың мынадай түрлері өткізілді: тақырыптық, салыстырмалы, ағымдағы және жан-жақты. Тақырыптық бақылау тәрбиешінің жұмыс істеу жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздеді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, әдістемелік кеңестің талқылауына шығарылды.

2021-2022 оқу жылында «Тажиниса ана» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды.

1.«Қатынас» білім беру саласы бойынша әлеуметтік-коммуникативтілік дағдыларды дамыту, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы қалыптастыру.

2.«Таным» білім беру саласы бойынша табиғат құбылыстары, адам өмірі туралы түсініктерін танымдық қабілеттерін қалыптастыру.

Алынған міндеттерді іс асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шараларды жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға,

жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін бес білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланы қабілетін қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Дені сау баланы тәрбиелеу, балаларға негізгі салауатты өмір салтын танып білу мақсатында «Дәрумендер әлемі», “Әрқашан сау болайық” тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін әр топ тәрбиешілері өткізді. «Денсаулығы баланың -- қуанышы ананың» тақырыбында ашық есік күні өткізілді. Баланың ауызекі байланыстырып сөйлеуін, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында озық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып «Бөлме гүлдері» тақырыбында «Балажан» ересек тобы тәрбиешісі З.Ташкимбаева оқу қызметін өткізді. «Балауса» мад тобы тәрбиешісі З.Закиряева «Сандар еліне саяхат» тақырыбында өткізген ұйымдастырылған оқу қызметінде баланың зейінін, ой-өрісін, сөздік қорын молайту мақсатында қолданған әдіс-тәсілдері, көрнекіліктері жоғары дейгейде болды. «Балауса» ортанғы тобының тәрбиешісі М.Сайдиқрамова «Менің сүйікті ертегім» тақырыбындағы өткізген ұйымдастырылған оқу қызметінде баланың ой-қиялын алысқа жетелеп, диалогті сөйлеуді жетілдіріп, байланыстырып сөйлеуге ынталандырды. «Балақай» ортанғы тобының тәрбиешісі М.Жафарова «Ыдыстағы гүлдер» тақырыбында өткізген ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды әсемдікке, сұлулыққа баулу мақсатында желіммен, шаблондармен, түрлі-түсті қағаздармен ұқыпты жұмыс жасады.

Ата-аналармен өзара қарым-қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құра отырып ертеңгіліктер мен ашық есік күндері өткізілді. Қыркүйек айында «Абайлаңыз балалар» 10-күндік декадасы болып өтті, Жоспары бекітіліп, тәрбиешілер топ балаларымен көшеге жүру ережелерін үйрене отырып ауыл ішіндегі дәріхана, дүкендерге саяхатқа шықты. «Алтын күз» ертеңгілігінде балалардың жыл мезгілі туралы түсінігі молайып, дүние танымы кеңейді. Әр сала бойынша апталықтар ұйымдастырылып, ашық ұйымдастырылғын оқу қызметтеріне басқа топ тәрбиешілері қатысты. Қараша айында “Түстер апталығы” ұйымдастырылып, әр бір күн балабақша бойынша бір түске арнап өткізілді. Күздің дархан мінезді, молшылықтың кепілі екендігін түсіне білді. Топ тәрбиешілері «Күзгі дастархан» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. «Тәуелсіздігім -- мақтанышым» атты ертеңгіліктің әсері балалар үшін Отанның, туған өлкенің, ауылдың, салт-дәстүріміздің, құндылықтарымыздың мәнін айқындай түсті. «Жасыл

шырша», «Алғыс айту», «Ана – өмір шырағы», «Армысың, Өз Наурыз!», 1 мамыр -- Ынтымақ күніне орай «Бірлік түбі -- береке», Ұлы Жеңіс күніне арнап «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты мерекелік ертеңгіліктер өтті. Балабақшаның жылдық жоспары бойынша барлық топта жаңа жыл мерекесі мен аналар мерекесіне арналған ертеңгіліктер өз дәрежесінде өтілді. «1 маусым -- балаларды қорғау күніде» өткізілген ертеңгіліктер балалардың қуанышты шат көңіл-күйлерін көтеріп, қызықты ұйымдастырылды. «Қош бол, балабақшам» қоштасу кешін мектепалды даярлық тобы өткізіп, ата-аналар мен балалар көңілінен шықты. Балалар жыл бойы ай сайын Түркістан және Шымкент қалаларында өткен республикалық байқауларға «Көркем сөз», «Хореография», «Вокал», «Сахналық қойылым», «Сән үлгісі», «Қолөнер» номинациялары бойынша қатысырылды. «Астана күні» мерекесіне орай Астана қаласына саяхат ұйымдастырылып, балалар «Жұлдызыңды жарқырат» аты халықаралық байқауға «Хореография», «Көркем сөз» және «Вокал» (Ирода Мухамеджанованың авторлық әні) номинациясы бойынша қатыстырылып, БАС ЖҮЛДЕ мен оралды. Әр мерекелер мен конкурстардың видеороликтері дайындалып интернет тармақтарында жарияланды.

Барлық педагогтердің мақалалары «Білім айнасы» республикалық журналында жарық көрді. Жыл соңында ай сайын өткізілген «Үздік педагог» сайысы өз мәресіне жетіп, Сайдикрамова Мехринсо Тоқтасыновна «Үздік педагог - 2022» жеңімпазы атанды.

2022-2023 оқу жылында «Тажиниса ана» бөбекжай-балабақша мекемесінде» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2021 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып «Тажиниса ана» бөбекжай-балабақша меңгерушісінің оқу жоспары жасалынды.

Мақсаты:

- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шараларды жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістерімен тәсілдерін тандауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін бес білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланы қабілетін қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды.

Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Кел балалар, оқылық!», «Армысың, алтын күз», «Тәуелсіздігім -- тұғырым», «Аналар мерекесі», «Ерлікпен жеткен Ұлы Жеңіс!» іс-шаралары жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды. Танымдық және зияткерлік дағдыларды, балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырды. Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістеріне тоқталсақ, ересек, ортаңғы топ тәрбиешілері «Саусақпен салу әдісі», «Алақан», «Құммен салу әдісі», «Шаммен салу» пайдалануды жақсы жолға қойылды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде:

балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.

Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым–қатынас жасауға мүмкіндіктер тұғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында апталық тақпақтар, жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді. «Балақай» ортаңғы тобының тәрбиешісі Д.Усманова «Жомарт күз» тақырыбында, табиғат ерекшеліктерін сөйлем құрастырып, әңгімелеу, айту дағдыларын дамытуды қарастырды. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалар сөздік қоры молайып, ана-тілінде сөйлеуге деген ықыласы арта түсті.

«Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі М.Жафарова танымдық және зияткерлік дағдыларды қалыптастыру мақсатында «Күн көзімен ойнайық» тақырыбында табиғи материалдардың ерекшелігі, қолдану түрлеріне тоқталды. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалар белсенді араласты. «Балауса» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Д.Ахматжанова, коммуникативті дағдыларды және танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту барысында ұйымдастырылған «Қызықты математика» тақырыбында геометриялық пішіндер, үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын түсіне алды. Түрлі әдіс-тәсілдерді орындап, топпен жұмыс жасады. «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі З.Ташкимбаева танымдық және зияткерлік дағдыларды және коммуникативтік дағдыларды дамыту барысында «Күзгі еңбек» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетінде қауіпсіздік ережесін сақтап жұмыс жасауды, табиғат құбылыстарын түсінуді, ерекшеліктерді ажыратуды меңгерді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қыркүйек айында “Алтын топырақ – алмас шаңырақ”, «Туған жерім тұмарым», «Туған жерім -- қастерлім», «Біз сені сүйеміз, мақтан тұтамыз, сүйікті Қазақстан, кең байтақ туған өлкеміз» ашық тәрбие сағаттары өтіледі, «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы әңгімелер жүргізілді. Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды:

Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ұтымды нәтижелеріне жету үшін іс-шаралар мен әрекеттердің үйлесімді жүйесін құру арқылы педагогтардың шеберлігі мен кәсіби тәжірибесін жетілдіру педагогикалық ұжымның шығармашыл мүмкіндіктерін жан –жақты көтеру жинақтау.

Педагогтар аудан көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім өтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданды. Барлық педагогтердің мақалалары “Мектеп журналында жарияланды. Жыл соңында ай сайын өткізілген “Үздік педагог” сайысы өз мәресіне жетіп, Саттарханова Умида Фахриддиновна “Үздік педагог - 2023” жеңімпазы атанды.

”Балабақшада топ аралық «Мақал-мәтелдер -- халық даналығы» тақырыбында кеш ұйымдастырылды. Мақал мәтелдер -- халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдер-өмір шындығының көрінісі, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі.

Қараша айында “Түстер апталығы” ұйымдастырылып, әр бір күн балабақша бойынша бір түске арнап өткізілді. «Қош келдің Жаңа жыл» ертеңгілігіде өте қызығарлы, қызықты өтті. Көптен күткен Аяз атамен табысып, өнерлерін көрсетті. Ересектер тобының балалары өздеріне таныс ертегілердің жағымсыз кейіпкерлерін жақсылыққа тартып, олармен ынтымақтаса жаңа жыл кешіне барды. Ата-аналар тәрбиешілердің, саз жетекшісінің, би жетекшісінің балаларды тәрбиелеудегі тынымсыз еңбектеріне алғыс білдіріп, жаңа жыл ертеңгілігіне балалармен тыңғылықты, әсерлі дайындық жүргізілгеніне дән риза болды. 1-ші Наурыз-Алғыс айту күні мерекесіне орай «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде қазақстандық патриотизмді нығайтуға бағытталған түрлі ұлт өкілдерінің қатысуында тақырыптық кездесу ұйымдастырылды. 8-наурыз Аналар мерекесіне орай “Көктем гүлі”, «Ұлыстың ұлы күні -- Наурыз», Педагог-тәрбиешілер үздіксіз білім біліктілігін арттыру мақсатында 1–мамыр – Халықаралық ынтымақ күніне орай “Дос болайық бәріміз”, 9-мамыр жеңіс күніне арналған ертеңгіліктер өткізілді. 1-маусым балаларды қорғау күніде аса жоғары дайындықпен ұйымдастырылып өткізілді. «1 маусым -- балаларды қорғау күніде» өткізілген ертеңгіліктер балалардың қуанышты шат көңіл-күйлерін көтеріп, қызықты ұйымдастырылды. “Қош бол, балабақшам” қоштасу кешін мектепалды даярлық тобы өткізіп, ата-аналар мен балалар көңілінен шықты. Балалар жыл бойы ай сайын Түркістан және Шымкент қалаларында өткен республикалық байқауларға түрлі номинациялар бойынша қатысырылды. СУПЕР ФИНАЛға жолдама алған балалар тамыз айында “Аспапта ойнау”, “Хореография”, “Көркем сөз”, “Сән үлгісі”, “Сахналық қойылым” және “Вокал” номинациясы бойынша Супер финалдың II кезеңіне дейін жетті. Әр мерекелер мен конкурстардың видеороликтері дайындалып интернет тармақтарында жарияланды.

2023-2024 оқу жылында «Тажиниса ана» бөбекжай-балабақша мекемесінде» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2021 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып «Тажиниса ана» бөбекжай-балабақша меңгерушісінің оқу жоспары жасалынды.

Мақсаты:

- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шараларды жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістерімен тәсілдерін тандауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін бес білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланы қабілетін қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінді: күндізгі ұйқыдан кейін тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешені (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылуда.

Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер тұғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті.

Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ұтымды нәтижелеріне жету үшін іс-шаралар мен әрекеттердің үйлесімді жүйесін құру арқылы педагогтардың шеберлігі мен кәсіби тәжірибесін жетілдіру педагогикалық ұжымның шығармашыл мүмкіндіктерін жан –жақты көтеру жинақтау.

Педагогтар аудан көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім өтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолдануда.

2023-24 оқу жылында балабақшада ақысыз үйірме жұмыстары жандандырылып, “Көркем сөз”, “Әріптер әлемі”, “Қызықты математика”, “Жас актерлер”, “Құмтерапия”, “Қуыршақтарды безендіру”, “Қуыршақ театры”, “Бейнелеу өнері” үйірмелерінің жоспарлары жасалынып, ата-аналар өтініштері негізінде балалар қабылданды.

Топтарда “1 қыркүйек – білімдер күні”, “Ата Заңым -- ардақтым”, Тілдер мерекесіне орай “Тіл – ел тірегі” тақырыптарында ертеңгіліктер өткізілді. “Алтын күз” тақырыбындағы кештер әр топ ата-аналарының алғыс сөздерімен аяқталды. Қараша айында Түркістанда өткен “Дарабоз” республикалық байқауына балабақшаның “Көркем сөз”, “Бейнелеу өнері” үйірмелері тәрбиеленушілері қатысып, “Көркем сөз”, “Сән үлгі” номинациясынан БАС ЖҮЛДЕ “Бейнелеу өнері” номинациясынан ІІ орынды иеленді. Алдағы уақытта топтарда Тәуелсіздік мерекесі мен Жаңа жыл кештеріне дайындық жүруде, сондай-ақ, үйірме балалары республикалық байқауларына дайындалуда.

5.Оқу-материалдық активтер

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру негізгі мақсатқа алынды. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес құралдар мен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

№	Топтардың жас ерекшеліктері	Дамытушы заттық-кеңістік орта құралдары
1	“Айша” ортанғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары, арқан, асықтар, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, қолғаптар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер. Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер: Артикуляциялық гимнастика картотекалары, түрлі-түсті суретті альбомдар “Құлпынайлар”, “Түстер”, “Күн тәртібі” ойыны, «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Төрт түлік», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», “Жылдар, апта күндері, ауа райы”. Кітап бұрышы: “Жалқау мысық”, «Өтеш пен тоты», «Үйшік», “Шалқан”, «Бірге жасаймыз», «Үй құстары», «Арыстан мен тышқан», «Жол белгілері», «Ертегілер кітабы», «Төрт түлік» «Аю мен қасқыр», «Түрлі түсті көліктер», “Өжемнің ертегілері” Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Дидактикалық ойындар картотекалары, үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, мазайка, перамидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар, шелектер, сырмалар, баулар, кітапшалар фетрден Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері: Қуыршақ театры «Бауырсақ», «Алтын балық», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Музыкалық ойыншықтар: Пианинолық төсеме, сылдырмақ, маракас, қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон. Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Диханшы», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуашь, тақтайшалар, ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер, стакандар Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру: Фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, баллонды

		аквариум, “Деназаврлар”, “Құйрығын тап”, “Жемістер” ойындары. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: “Гербарийлер”, «Көліктер», “Гүлдер папкасы”, «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Түрлі-түсті көліктер», рәміздердің суреттері
2	“Балдәурен” ортанғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары, арқан, тастар, асықтар, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, қолғаптар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,суықтыру шарасына арналған құралдар, төсемелер Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер: Артикуляциялық гимнастика картотекалары,түрлі-түсті суретті альбомдар “Қоян мен сәбіз”, “Түстер”, “Күн тәртібі” ойыны, «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», “Жылдар, апта күндері, ауа райы”, «Жәндіктер», «Құстар», Санамақтар, Тақпақтар жинағы, “Пішіндер құрастыру”, “Үлкен-кіші”, “Сандар”, “Лабиринт”, “Төрт мезгіл”, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Бес ертегі», «Бауырсақ», “Шалқан”, «Серуен», «Үй құстары», «Жол белгілері», «Ертегілер кітабы», «Төрт түлік» «Аю мен қасқыр», “Қазақша-өзбекше сөздік” Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, мазайка ,пермидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар,шелектер,сырмалар,баулар,кітапшалар фетрден Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері: Қуыршақ театры «Бауырсақ», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Жеті лақ», “Алтын балық”. Музыкалық ойыншықтар: Пианинолық төсеме, сылдырмақ, маракас, қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон. Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Диханшы», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуашь, тақтайшалар, ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер, стакандар Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру: Фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, моншақтардан жасалған гүлдер, баллонды аквариум, “Жемістер” ойындары.

		Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: “Гербарийлер”, “Гүлдер папкасы”, «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жануарлар әлемі», «Түрлі-түсті көліктер», «Этно» достық альбомдар, рәміздердің суреттері
1	“Балапан” ортанғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары, арқан, тастар, асықтар, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, қолғаптар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,суықтыру шарасына арналған құралдар, төсемелер Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер: Артикуляциялық гимнастика картотекалары,түрлі-түсті суретті альбомдар “Қоян мен сәбіз”, “Түстер”, “Күн тәртібі” ойыны, «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», “Жылдар, апта күндері, ауа райы”, «Жәндіктер», «Құстар», Санамақтар, Тақпақтар жинағы, “Пішіндер құрастыру”, “Үлкен-кіші”, “Сандар”, “Лабиринт”, “Төрт мезгіл”, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Ертегілер», «Бауырсақ», “Шалқан”, «Жаратылыстану», «Үй құстары», «Үш тілдің патшалығы», «Жол белгілері», «Ертегілер кітабы», «Төрт түлік» «Аю мен қасқыр», «Түрлі түсті көліктер» Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, мазайка ,пермидалар, муляждар, таяқшалар, қыстырғыштар,шелектер,сырмалар,баулар,кітапшалар фетрден Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері: Қуыршақ театры «Бауырсақ», «Алтын балық», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Музыкалық ойыншықтар: Пианинолық төсеме, сылдырмақ, маракас, қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон. Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Диханшы», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуашь, тақтайшалар, ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер, стакандар Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру: Фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, баллонды

		аквариум, “Деназаврлар”, “Құйрығын тап”, “Жемістер” ойындары. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: “Гербарийлер”, «Көліктер», “Гүлдер папкасы”, «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Түрлі-түсті көліктер», «Этно» достық альбомдар, рәміздердің суреттері
2	“Балақай” ересектер тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Құрсаулар, доптар, баулинг, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Паравоз», «Қояндар», «Автобус», «Бақалар» Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған Көрнекіліктер: «Жануарлар», “Тәрбиелік сөздер”, “Апта күндері”, «Сандарды табу», «Пішіндер ойыны», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Қойшы бала», «Жалқау қоян» ертегілері «Табиғат сыйы» альбом, жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, “Гербарийлер жиынтығы”, “Балықтар”, “Кірпімен жеміс жинаймыз”, “Ана мен бала” Сюжеттік рөлдік ойындар: «Дүкенде», «Асхана», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде», «Шаштараз». Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі –түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, мозайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Магнит тақта, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, құм сағатар, ұннан жасалған күлшелер, пипеткалар, губкалар, тарелкалар, такандар, тігін машинасы, пирамидалар, құрастырғыштар жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, борлар. Музыкалық ойыншықтар: Пианино, сылдырмақ, маракас, қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон, доира, треугольник... Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру: Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері (папкамен), фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністер, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, баллонды аквариум

		Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: “Гербарийлер”, «Менің Астанам», “Бөлме гүлдері”, “Көкөністер”, “Төрт түлік”, «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала кұстары», альбомдары, ертегілердің альбомдары. Кітап бұрышы: «Ертегілер», «Анамның ертегісі» (5 топтама), «50 ертегі», «Қызыл телпек», «Сәулетті үйшік», «Жеті лақ», «Үш аю», «Ауылда», «Бауырсақ», «Шалқан», «Әріпер әлемі», «Сиқырлы жұмбақ», “Алдар көсе”, “Құмырсқа”, “Балалар үшін ертегілер”, “Наурыз көже” кітаптары.
3	“Балажан” ересектер тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, теннис ойыншығы. Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Паравоз», «Қояндар», «Автобус», «Өрт сөндірушілер», Театр түрлері: “Үйшік”, “Шалқан”, стол театры, “Жеті лақ”, “Қызыл телпек” Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер: «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Жабайы аңдар», «Табиғат сыйы», “Табиғат құбылыстары” альбом, жұмбақтар, “Апта күндері”, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, сөйлейтін әліппе Сюжеттік рөлдік ойындар: «Дүкенде», «Асхана», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде», «Шаштараз», “Үй жиназдары”. Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Түрлі түсті қасықтар, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі – түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, мозайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер, сандар кілемшесі, жол белгілері кілемшесі. Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Магнит тақта, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, ұннан жасалған күлшелер, пипеткалар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, пирамидалар, құрастырғыштар жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуашь, тақтайшалар, ермексаз, борлар. Музыкалық ойыншықтар: Пианино, сылдырмақ, маракас,

		қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон, доира, треугольник... Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері, сөйлейтін кактус, ағаштар көрінісі, баллонды аквариум, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністер, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкалардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Астанам», «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала құстары» альбомдары Кітап бұрышы: «Ертегілер», «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаштың құйрығы неге айры», «Түлкі мен тырна», «Жалқау мысық», «Шұбар тауық», «Кім күшті», «Үш аю», «Алдар көсе», «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Түймеқыз», «Сиқырлы жұлдызша», «777 жұмбақ», «Күз», «Мақта қыз бен мысық», «Өзіміз оқимыз»
4	“Балауса” мектепалды даярлық тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Доптар, құрсаулар, леголар, боулинг ойыншықтары, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, төсемелер. Қимылды ойындар атрибуттары: «Пингвиндер», «Паравоз», «Есектер», «Автобус», «Сақиналар», Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер: «Құрастырмалы әліппе», әліппе карточкалары, өлеңдер, тақпақтар, сөйлейтін әліппе, үй жануарлары, киімдер, гүлдер, жыл мезгілдері, әріпті кубиктер, магнитті әріптер, құрастырмалы әріптер жиынтығы, “Әріптер” төсеме, “Жол ережелері” төсеме Сюжеттік рөлдік ойындар: «Асхана», «Жол полициясы», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде» Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі –түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған, пішіндер, қима қағаздар, мозайка, лабиринт, шахмат, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер, зейінді дамытуға арналған ойыншықтар, түрлі-түсті үйшіктер Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Магнит тақта, губкалар, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, құм сағатар, ұннан жасалған күлшелер, пипеткалар,

	губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, пирамидалар, құрастырғыштар, жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуашь, тақтайшалар, ермексаз, борлар. Музыкалық ойыншықтар: Пианино, сылдырмақ, маракас, қасықтар, домбыра, барабан, ксилофон, доира, треугольник... Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, сөйлейтін кактус, ауа райын белгілейтін календар, қағаздан, фетрден, бархаттан, шишкардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, баллонды аквариум, ағаштар. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Астанам», «Бөлме гүлдері», «Гербарийлер жиынтығы», «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Құстар» альбомдары Кітап бұрышы: «Балаларға арналған ертегілер 5», «Аю мен екі саяхатшы», «Әліппе әңгімелері», «Ойыншықтар әліппесі», «Маша мен аю», «Бақа патшайым», «Сәулетті үйшік», «Жеті лақ», «Петушок», «Түлкі мен қоян», «Шыны таудағы ханша», «Ертегім неткен, мұратына жеткен», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері «Жалқау қоян» ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы.
--	---

6. Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды.

1. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
2. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

3.Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Ата-аналарды балабақша өміріне араластыру мақсатында «Кітап алтын қазына» акциясы ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» бұрышына ата-аналар балаларға арналған кітаптар сыйлады. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Кітап бұрышын жасау, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру қолға алынып жатыр.

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы, аралық, қортынды бақылау нәтижелері, 2023-2024 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған.

Бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

8.Білім беру процесіне қатысушылар.

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:

-Ұйымдастырушылық (ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі, ай сайын өтілетін республикалық конкурстарға бірге қатысу);

-ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек;);

-Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету);

-ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

2023-2024 оқу жылында ата-аналардың білім мазмұнына белсенді араласу, қатысу, талдау жұмыстарына тарту мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргізілді. Мақсаты: оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау. Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтеріміздің еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтер іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік

сыныптар өтуді жоспарға енгіздік. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады.

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесі» ЖШС өзіндік бағалау 2023 жылғы қараша айының 03-17 жұлдыздары аралығында өтті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-1 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеуде жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.

2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін - өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

"Мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру;

- Педагогтерге тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;
- Іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтер жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау;
- "Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі» ЖШС-нің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай келеді және "zhaqsy" - бағаланады.



Комиссия төрайымы:  И.Т. Мухамеджанова /балабақша меңгерушісі/

Комиссия мүшлері:

М.А. Абдусаттарова /музыка жетекшісі /
Д.Н. Шарафиддинова /балабақша әдіскері/
У.Ф. Саттарханова /балабақша психологі/
Д.Б. Усманова /балабақша тәрбиеші/

**«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесі» ЖШС бойынша
Бұйрық №38**

03.11.2023 ж.

**"Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі»
ЖШС өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 41 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы 28 қарашадағы №908 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі» 2023 жылдың қараша айының 03-17 жұлдыздары аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.
2. "Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі» 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:




1. И.Т. Мухамеджанова - балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы
2. М.А. Абдусаттарова - музыка жетекшісі, комиссия мүшесі
3. Д.Н. Шарафиддинова - балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
4. У.Ф. Саттарханова - пед-психолог, комиссия мүшесі
5. Д.Б. Усманова - балабақша тәрбиеші, комиссия мүшесі

3. Балабақшаның өзін-өзі бағалау бойынша құжаттары әзірленсін.
4. Құжаттар топтамасы Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне 27 қарашаға дейін жолдансын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын.

**"Тажиниса ана" бөбекжай
балабақша мекемесі меңгерушісі:**



И. Мухамеджанова

М. Абдусаттарова
Д. Шарафиддинова
У. Саттарханова
Д. Усманова

Хаттама №3

«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесінде өтілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Сауран ауданы

03.11.2023 ж

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібі

1. «Білім туралы» 2007 27 шілдедегі ҚР-сы Заңының 5-бабының 21-тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және ҚР-сы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен және бағалау өлшемшарттарымен ұжымды таныстыру.
2. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша комиссия құрамын сайлау.
3. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру, жүргізу мерзімімен іс-шаралар жоспарымен ұжымды таныстыру.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі И.Мухамеджанова сөз алып, бүгінгі педкеңесті ашық деп жариялады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «Түркістан облысы бойынша білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің» 2022 жылдың 28 қарашасындағы №908-бұйрығының

1-қосымшасына сәйкес балабақшаішілік аттестаттаудан өтуде сараптамалық комиссия құрамы бекітіледі. Осыған сәйкес балабақшаішілік сараптамалық комиссия құрамы мектеп қызметіне сараптау жүргізеді. Өзін-өзі бағалау дегеніміз: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау, білім мен тәрбие қызметін жақсартудың механизімін қамтиды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қзандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына (Өлшемшарттар жаңа редакцияда ҚР-сы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы) сәйкес өткізілетіндігін хабарлады.

Балабақша қызметіне сараптама жүргізу мерзімі 03.11.2023- 17.11.2023ж дейінгі кезеңді белгіледі.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылады.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығын(Өлшемшарттар жаңа редакцияда ҚР-сы Оқу ағарту министрінің 2022

жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы), Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, балабақшада өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру мақсатында комиссия құрамына төмендегі азаматтарды ұсынатындығын айтты: Комиссия құрамына Комиссия төрайымы, балабақша меңгерушісі – Мухамеджанова И.Т , әдіскер – Шарафиддинова Д.Н, педагог-психолог – Саттарханова У.Ф, музыка жетекшісі – Абдусаттарова М.А, тәрбиеші – Усманова Д.Б. азаматшаларды ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі И.Мухамеджанова педагогикалық ұжымды іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде балабақшада 2023 жылғы 03-17 қараша аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру комиссия құрамы төмендегіше бекітілсін және іс-шаралар жоспары (1-қосымша) педагогикалық кеңестің шешімімен бұйрықпен бекітілсін.

1) Мухамеджанова И.Т – балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы

2) Шарафиддинова Д.Н -- төрайым орынбасары

3) Саттарханова У.Ф -- комиссия мүшесі

4) Абдусаттарова М.А -- комиссия мүшесі

5) Усманова Д.Б -- комиссия мүшесі

3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын орындау бойынша балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілерге жауапкершілікпен жүргізу көзделсін.

4. Тиісті бақылау жұмыстары мен үйлестірілген тәртіптегі іс-шаралар негізінде бақылауға алынсын.

4. Лауазымдық міндеттеріне байланысты әдіскер талапқа сай жұмыс атқаруды қатаң бақылау жасауды қолға алсын.

5. Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық ұжымға таныстырылсын.

6. Өзін-өзі бағалау материалдары жинақталып, облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы:

И.Т.Мухамеджанова

Хатшы:

Д.Н.Шарафиддинова





Бекітемін:

«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша
мекемесі» меңгерушісі

И. Мухамеджанова

03.11.2023 жыл

**«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесінде» өзін –өзі бағалауды
ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары
(1-қосымша)**

№	Іс-шара атауы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР-сы Заңының 5 бабының 21-2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және ҚР-сы Білім және ғылым министірлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (өлшемшарттар жаңа редакцияда ҚР-сы Оқу ағарту министірінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы)таныстыру 2.Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша комиссия мүшелерін бұйрықпен бекітіп таныстыру 3.Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу мерзімімен ұжымды таныстыру іс-шаралар жоспарын жасап бекіту	Педагогикалық кеңес	03.11.2023 ж	Мухамеджанова И.Т
2	1.Өзін-өзі бағалауды жүргізу бойынша қажетті құжаттарды жинақтау (екі оқу жылы, ағымдағы жыл құжаттары)	Комиссия отырысы	03.11.2023 ж 15.11.2023 ж	Мухамеджанова И.Т Шарафиддинова Д.Н Саттарханова У.Ф Султанова М.Р.
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарымен жүргізілген тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізу	Сауалнама алу	07.11.2023 ж 10.11.2023 ж	Шарафиддинова Д.Н Саттарханова У.Ф Ахматжанова Д.М
4	Білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствасына қолдау хат жолдау	Қолдау хат	Кестеге сәйкес	Мухамеджанова И.Т
5	Өзін-өзі бағалау нәтижелерімен педагогикалық ұжымды таныстыру	Педагогикалық кеңес	17.11.2023 ж	Мухамеджанова И.Т
6	Білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствасына өзін-өзі бағалау нәтижелерімен қорытындыларын өткізу жұмысын қорытындылау	Құжаттар	24.11.2023 ж	Мухамеджанова И.Т

**«Тажиниса ана» бөбекжай балабақшасы мекемесі» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін бағалауға
арналған өлшемшарттары**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Бал дар ы	
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5	Жалпы педагогикалық мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%, Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар педагогтердің саны - 1 \магистр\
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 - 94 %	3	II категория – 1 Педагог-сарапшы – 1 Педагог-модератор-3 Үш жылға жетпеген педагог - 5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5	Біліктілік арттыру курсынан уақтылы өтіп тұрады.
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5	Бөбекжай балабақшасында №70 бұйрық бойынша жабдықтар, жиһаздармен қамтылған.
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	-	-	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708	100 %	5	Оқу-әдістемелік кітаптармен қамтамасыз етілген, электронды кітапханамен балабақша педагогтері пайдалана алады \вайфай барлық қызметкерлерге қол

**«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесі»
сауалнама қорытындысы**

«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесінде» телеграм канал ашылып, ата-аналар толық чатқа қосылды. Сауалнама нәтижесінде, «Балауса» мектепалды даярлық тобында 25 бала білім алады. Сауалнамаға 25 ата-анадан бір егіз балалар бар болғаны себепті 24 ата-ана толық қатысты. Сауалнамадағы жалпы сұрақтар санынан «Толығымен келісемін», «Келісемін» - 98%, «Толығымен келіспеймін», «Келіспеймін» - 2% .


«Тажиниса ана» бөбекжай балабақша мекемесінде» телеграм канал ашылып, педагогтер толық чатқа қосылды. Сауалнама нәтижесінде, балабақшада жұмыс істеп жүрген 17 педагог сауалнамаға толық қатысты. Сауалнамадағы жалпы сұрақтар санынан «Толығымен келісемін», «Келісемін» - 99%, «Толығымен келіспеймін», «Келіспеймін» - 1% құрады.

Педагогтер мен ата-аналар сауалнамалары қорытындысы өте жақсы деп бағаланды.

Балабақша меңгерушісі



И.Т. Мухамеджанова



Түркістан облысы білім саласында
сапаны қамтамасыз ету департаменті
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Алматов Ғалымжан Бауыржанұлына

Сауран ауданы «Тажиниса ана»
бөбекжай балабақша мекемесі»
меңгерушісі Мухамеджанова
Ирода Тахировнадан

СҰРАНЫС

Сізден, Сауран ауданы білім бөлімінің «Тажиниса ана бөбекжай балабақша мекемесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің <https://tazhinisaana-bobekzhay.kz> веб-сайтында жарияланған өзін-өзі бағалау материалдарын қабылдауыңызды және кезекті аттестаттаудан өткізуіңізді сұранамын.

Қосымша: өзін-өзі бағалау құжаттары 55 парақта

Балабақша меңгерушісі  И.Т. Мухамеджанова

